

**Әуликөл ауданы әкімінің 2021 жылғы 13 мамырдағы № 3 "Әуликөл ауданының аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 2 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 6 сәуірде № 27455 болып тіркелді

**ШЕШТІМ:**

1. Әуликөл ауданы әкімінің "Әуликөл ауданының аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" 2021 жылғы 13 мамырдағы № 23 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9914 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

1) № 264, № 267, № 268, № 288 сайлау учаскелері жаңа редакцияда жазылсын:

"№ 264 сайлау учаскесі

Шилі ауылының шекараларында.

Учаскенің орналасқан жері: Шилі ауылы, Степной көшесі, 32-үй, 1-пәтер.

№ 267 сайлау учаскесі

Қосағал ауылының шекараларында.

Учаскенің орналасқан жері: Қосағал ауылы, Қазақ көшесі, 18-үй

№ 268 сайлау учаскесі

Чернигов және Дүзбай ауылдарының шекараларында.

Учаскенің орналасқан жері: Чернигов ауылы, Ленин көшесі, 33-ғимарат, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Әуликөл ауданы білім бөлімінің Чернигов жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты".

№ 288 сайлау учаскесі

Октябрь және Дәңгірбай ауылдарының шекараларында.

Учаскенің орналасқан жері: Октябрь ауылы, Ленин көшесі, 14-ғимарат, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Әуликөл ауданы білім бөлімінің № 1 Қазанбасы жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

2) Алынып тасталсын:

"№ 270 сайлау учаскесі

Дүзбай ауылының шекараларында.

Учаскенің орналасқан жері: Дүзбай ауылы, Новый көшесі, 2-үй.

№ 271 сайлау учаскесі

Дәңгірбай ауылының шекараларында.

Учаскенің орналасқан жері: Дәңгірбай ауылы, Центральный көшесі, 11-үй, Қостанай облысы әкімдігі табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Басаман орман шаруашылығы мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты".

2. "Әуликөл ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау "Әуликөл ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысына жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Әуликөл ауданының әкімі*

*Е. Теменов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Әуликөл аудандық  
сайлау комиссиясы